

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

**2022 жылғы 3 наурыз**

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті сенаторлар, күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының Бас Прокурорын тағайындауына келісім беру туралы.

Конституцияға сәйкес Президенттің Қазақстан Республикасының Бас Прокурорын тағайындауына келісім беру Сенаттың ерекше қарауына жатады.

Мемлекет басшысы Палатаға тиісті ұсыныс енгізді.

Президенттің ұсынысын жариялау үшін сөз Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары Жиенбаев Ержан Нұрланұлына беріледі.

ЖИЕНБАЕВ Е.Н. Рақмет.

Қайырлы күн, құрметті Төраға, құрметті Сенат депутаттары! Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 4) тармақшасына, 55-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры қызметіне Асыллов Берік Ноғайұлын тағайындауға Сенаттың келісім беруіне ұсыныс енгізді.

Берік Ноғайұлы 1991 жылдан бастап осы уақытқа дейін прокуратура органдарында қызмет атқарып келеді. Қазақстанның бірқатар өңірлерінде прокуратура органдарын басқарды, 2019 жылдың наурызынан бастап Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары.

Мемлекет басшысы ұсынған кандидатураны қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ержан Нұрланұлы. Орныңызға отырыңыз.

Ұсынылған кандидатура алдын ала Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінде талқыланды.

Слово для информирования о заключении комитета предоставляется Волкову Владимиру Васильевичу.

ВОЛКОВ В.В. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам, на своем заседании в соответствии с пунктом 71 Регламента Сената предварительно рассмотрев кандидатуру, предложенную Главой государства на должность Генерального Прокурора Республики Казахстан, вынес заключение.

В соответствии с подпунктом 2) статьи 55 Конституции Республики Казахстан, пунктом 2-1 статьи 22 Конституционного закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» и на основании представления Президента рекомендовать Сенату дать согласие на назначение Президентом Республики Казахстан Асылова Берика Ногаевича на должность Генерального Прокурора Республики Казахстан.

Прошу поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, кандидатқа сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

Шешімді ашық дауыс беру арқылы қабылдау ұсынылады. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Ендеше Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры қызметіне Асыллов Берік Ноғайұлын тағайындауына келісім беру жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды, келісім берілді.

Берік Ноғайұлы, Президенттің сенімін ақтап, жоғары лауазымды қызметті абыроймен атқарасыз деп сенеміз. Жауапты қызметіңізге табыс пен сәттілік тілейміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әскери қызмет және арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері мен әскери қызметшілердің тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары Қамалетдинов Сұлтан Бүркітбайұлына беріледі.

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Рақмет.

Армысыздар, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздерге арнаулы орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, оның отбасы мүшесінің әлеуметтік жағдайын жақсартуға, әскери қызмет атқаруды реттеуге бағытталған заң жобасы ұсынылады.

Бұл ретте үш заңға түзету енгізіледі.

«Тұрғын үй қатынасы туралы» Заңда:

1. Қайтыс болған әскери қызметшінің, арнаулы орган қызметкерінің отбасы мүшесіне қызметтік үйді жекешелендіру, өтемақы алу, айырбастау құқығын беру.
2. Қызметтік үйді қалдық құны бойынша немесе өтеусіз жекешелендіру.
3. Қызметтік үймен екі рет қамтамасыз етуді шектеу.
4. «Модульді тұрғын үй» ұғымын енгізу.

Бұл – жабық әскери қалашықта жылдам тұрғызылатын, қажет болса тұрған жерін ауыстыруға болатын үй. Мұндай үйді сатып алу қысқа уақытта әскерді тұратын орынмен қамтамасыз етуге, ал геосаяси жағдай өзгергенде оны шығынсыз көшіруге мүмкіндік береді.

Ал «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңда:

1. Әскери қызметшінің құқықтары мен міндеттерін кеңейту.
2. Аттестаттау кезінде полиграфологиялық зерттеу жүргізу.
3. Қызметтен кеткен соң оған қайта кіргенге дейін 3 айдан аспаса оны үздіксіз деп белгілеу.
4. Әскери қызметшінің материалдық жауаптылығы.

Байқамай келтірген залал үшін жауаптылық шегін белгілеу ұсынылады. Бұл ретте әдейі келтірген залал үшін жауаптылық толық сақталады.

5. Әскери қызметке кірген кезде жас мөлшерін ұлғайту.

Қазіргі заңда келісімшарт қызметіне алғаш кіру, сарбаз және кіші сержант құрамы лауазымына тағайындау үшін жас мөлшері шекті жасқа толғанға дейін 15 жыл, яғни 30 жасқа дейін болып белгіленген. Бұл түзету осы санатқа 32 жас 6 ай толғанға дейін қызмет өткеруге, зейнетақы алуға мүмкіндік береді.

6. Бірінші басшының шешімі бойынша барлық санатқа шекті жасты 5 жылға дейін ұзарту. Қазіргі кезде бұл норма тек белгілі бір мамандықтарға қолданылады. Бұл ретте мемлекеттік күзет, ішкі істер қызметкеріне қолданылатын нормаға ұқсас барлық санатқа осындай құқық беру ұсынылады.

Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» Заңда әскери қызметшінің, арнаулы орган қызметкерінің қызмет атқару тәсілін реттеуге бағытталған түзетулер көзделеді.

Осы заң жобасы әлеуметтік қамтамасыз етуді жақсартуға, заңдағы кемшілікті жоюға, қызмет атқаруды регламенттеуге мүмкіндік береді.

Қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Нұрғалиев Жеңіс Мирасұлына беріледі.

НҰРҒАЛИЕВ Ж.М. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Уважаемый Султан Буркитбаевич! Протоколом от 23 мая 2019 года «О состоянии дел и мерах по развитию Вооруженных Сил Республики Казахстан» Главой государства даны поручения Правительству Республики Казахстан о разработке комплекса мер по улучшению социального пакета военнослужащих и членов их семей, в том числе в сфере жилищного обеспечения.

В свете последних январских событий Касым-Жомартом Кемелевичем дан ряд поручений о реорганизации всей системы обеспечения национальной безопасности, которые прозвучали 11 января на заседании Мажилиса Парламента Республики Казахстан.

В связи с этим вопросы. На сегодняшний день вы имеете предварительные расчеты по усовершенствованию прохождения воинской службы и жилищного обеспечения? Сколько средств из бюджета нужно будет ежегодно предусматривать? Какие еще дополнительные направления вы прорабатываете?

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Уважаемый Женис Мирасович, спасибо за вопросы.

Действительно, в ходе проработки этого законопроекта был предусмотрен ряд льгот для того, чтобы улучшить жилищные условия и престиж воинской службы.

В этом законопроекте было снято порядка 10 поправок. Это было связано с пандемией, экономическим состоянием дел. Нами в ходе расчетов были предусмотрены расходы около 14 миллиардов тенге ежегодно.

Вместе с тем хочу отметить, что вчера на совещании руководства Министерства обороны Верховным Главнокомандующим также поставлены задачи. И Министерством обороны прорабатывается законопроект «Об органах военной полиции», в котором, кроме вопросов функционирования органов военной полиции, будут предусмотрены вопросы повышения престижа воинской службы. В первую очередь это касается военнослужащих срочной службы. Это преференции в предоставлении кредитных каникул, возможности поступления в учебные заведения со льготами и другие.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сүлеймен Ләззат Жаңылысқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. Рақмет, құрметті Төраға.

Құрметті Сұлтан Бүркітбайұлы! Жаңа баяндамаңызда «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның 13-бабында асырауында мүгедек баласы бар және қызмет атқару кезінде қаза тапқан әскерилер мен арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері отбасына тұрғын үйді өтеусіз жекешелендіруге мүмкіндік берілетінін айтып өттіңіз.

Бұл норманы мен қолдаймын. Бірақ бұл 13-бап заңның жалпы бөліміне жатады, оны қолдану тәртібі 101 және 109-баптарда көрсетілген. Осы аталған екі санат 101 және 109-баптарға кірмей отыр, Үкімет оны қолдап отыр.

Сұрақ: неге мүгедек баласы бар және қызметте қайтыс болған әскерилер түзетуді қолдана алатындардың толық тізіміне кірмеді? Осы норма орындаушылар тарапынан екіұдай түсіндірілуі мүмкін және сыбайлас жемқорлыққа негіз болмай ма?

Менің ойымша, бұл жағдайда осындай қауіп бар.

Іс жүзінде аталған санаттағы адамдардың құқықтарына нұқсан келмейтініне кепілдік бере аласыз ба? Рақмет.

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Құрметті Ләззат Жаңылысқызы, сұрағыңызға рақмет.

Заң жобасында бұл құқықты қолдану санаты көбейіп жатыр. Сіз қойған сұрақтар заң жүзінде қаралып, тиісті шаралар қабылданады.

Жаңағы сұрақтың жауабына келсек, ол Жеңіс Мирасұлы айтқан заң жобасында қарастырылады.

ТӨРАҒА. Сұлтан Бүркітбайұлы, біз сізді дұрыс түсіндік пе? Мүгедек балалары бар отбасыларына көмек ретінде баспана мәселесін шешіп беруге мемлекет көмектесуді өз мойнына алып отыр ғой. Ләззат Жаңылысқызы соған байланысты осы заңның ішіндегі бір-екі қайшылықты мәселені көтеріп жатыр. Бір нормаларға кіргізілген де, ал басқа нормаларға Үкіметтің сұрауы бойынша осы нормалар кіргізілмеген. Осы қарама-қайшылық ертең проблемалар туғызбай ма деген сұрақ қой. Соған байланысты біз сіздің жауабыңызды дұрыс түсіндік пе?

Сіздер қазір Мәжілісте қарайтын заң жобасында осы қарама-қайшылықты жоямыз деп отырсыздар ғой, солай ма?

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Солай.

ТӨРАҒА. Жақсы, онда осы мәселені сіз бақылауыңызда ұстаңыз. Әрі қарай да жағымсыз әсерлері болмайтындай және мүгедек балалары бар отбасыларына толықтай көмектесу үшін біз осы заңның әлеуетін пайдалануымыз керек. Ол үшін заңның ішінде бұндай қарама-қайшылықтар болмау керек. Осы мәселені әрі қарай түзеуді сіз өзіңіздің бақылауыңызда ұстасаңыз дейміз.

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Құп болады.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Сұлтан Бүркітбайұлы. Орныңызға отырыңыз.

Слово для содоклада по законопроекту предоставляется члену Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности Ершову Сергею Михайловичу.

ЕРШОВ С.М. Спасибо.

Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые коллеги! Представленный на ваше рассмотрение проект закона предусматривает повышение социально-правового статуса сотрудников специальных государственных органов и военнослужащих, установление им и членам их семей равных возможностей реализации своих прав на жилище, исключение противоречий и пробелов в законодательстве по вопросам прохождения воинской службы.

Отмечу, что новшеством законопроекта является возможность безвозмездной приватизации занимаемого служебного жилища лицами, содержащими ребенка-инвалида, в том числе инвалида с детства независимо от возраста, а также членами семьи уволенных с воинской службы или со службы в спецгосорганах в случае их гибели.

Регламентированы отдельные вопросы прохождения воинской службы и службы в спецгосорганах. Так, основаниями для увольнения по отрицательным мотивам будут являться факты немедицинского употребления наркотических средств во внеслужебное время, появления сотрудника в специальной форме в общественном месте в состоянии алкогольного или иного опьянения, участия в азартных играх денежного или иного имущественного характера.

Хочу отметить поправки, согласно которым военнослужащий теперь обязан информировать своего командира в случае подачи им или его близкими заявления о выходе или принятии гражданства другого государства. Как вы помните, в прошлом году мы с коллегами поднимали этот вопрос в соответствующем депутатском запросе.

Уважаемые коллеги, в ходе обсуждения законопроекта в Сенате возникла необходимость внесения в него изменений в части сохранения действующей редакции

пункта 2 статьи 6 Закона «О воинской службе и статусе военнослужащих» в связи с необходимостью обеспечения комплексного подхода в вопросах регулирования прав военнослужащих.

Предложения комитета сведены в сравнительную таблицу. Прошу рассмотреть и поддержать.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо, Сергей Михайлович.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік. Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

Сөз депутат Нұржігітова Дана Өмірбайқызына беріледі.

НҰРЖІГІТОВА Д.Ө. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қарауымыздағы заң жобасы арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері мен әскери қызметшілердің, сондай-ақ олардың отбасыларының әлеуметтік-құқықтық мәртебесін арттыруға, дәлірек айтқанда тұрғын үй алуға деген мүмкіндіктерін заң жүзінде реттеуге бағытталған.

Өмірдің барлық саласындағы өзгерістер, әсіресе ішкі-сыртқы саяси өзгерістер ең алдымен қарулы күштердің жағдайына назар аударуымыз қажет екендігіне көз жеткізіп отыр.

Мемлекетіміздің ішкі-сыртқы қауіпсіздігі осы қызметте жүрген азаматтарымыздың біліктілігіне, адалдығына тікелей байланысты. Отан алдындағы міндетін алаңсыз атқару үшін мемлекет осы қызметте жүрген азаматтарға заңдық тұрғыда жағдай жасауы керек.

Бұл заң жобасы аталған мақсатта әскери және арнайы қызмет қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету, қызмет өткерудің жекелеген мәселелерін реттеуге бағытталған. Сондай-ақ әскери қызметшінің міндеттері, әскери қызметтен босату негіздері толықтырылып отыр. Бұған қоса осыған дейін депутаттық сауал ретінде көтерілген әскери-патриоттық тәрбие мәселесі де дәл осы заң жобасы шеңберінде реттелді.

Заң жобасы арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері мен әскери қызметшілердің, сондай-ақ олар қаза тапқан жағдайда отбасы мүшелерінің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді.

Осы айтылғандарды ескере келе заң жобасын қолдауды әріптестерімнен сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әскери қызмет және арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері мен әскери қызметшілердің тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша салыстырма кестені қараймыз.

Құрметті әріптестер, кестеге екі түзету енгізілген. Бас комитет бұл түзетулерді қабылдауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң жобасы бойынша салыстырма кестеге енгізілген түзетулерді дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Түзетулер қабылданды.

Енді Мәжіліс мақұлдаған қалған баптарды дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Мәжіліс мақұлдаған қалған баптар қабылданды.

Енді Сенат енгізген түзетулерді Мәжіліске жіберу туралы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әскери қызмет және арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері мен әскери қызметшілердің тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына Сенат енгізген түзетулер Мәжіліске жіберіледі.

Құрметті әріптестер! Әскери қызметшілердің және арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің жұмыстары аса жауапты екені белгілі. Сол себепті оларды және олардың отбасы мүшелерін құқықтық, материалдық және әлеуметтік қорғау мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Бүгін қаралған заң жобасы әскери қызметшілердің тұрғын үй қатынастары саласындағы құқықтарын қосымша реттеуді көздейді. Сондай-ақ құжатта әскери және арнаулы мемлекеттік органдар қызметінің өткеру тәртібін жетілдіру мәселелері де қамтылған.

Заң жобасы қабылданғаннан кейін әскери қызметшілер мен арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі кешенді түрде реттеледі деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Мұрат Бақтиярұлына беріледі.

БАҚТИЯРҰЛЫ М. Рақмет, құрметті Төраға.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Жақсылықовқа жолданады.



«Осы депутаттық сауалға Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің Қорғаныс министрлігінің басшылығымен жуырда ғана болған кездесуі барысында жоғары оқу орындарындағы әскери кафедраларда запастағы офицерлер мен сержанттарды даярлаудың сапасына қатысты депутаттар тарапынан қойылған сұрақтар себеп болып отыр.

Қазір еліміздің жоғары оқу орындарында тегін және ақылы негізде жүргізілетін 36 әскери кафедра жұмыс жасайды. Жүргізілген талдау әскери кафедралар бойынша мамандар даярлаудың бірқатар мәселелері бар екенін көрсетіп берді. Жасыратыны жоқ, әскери кафедрасы бар университеттер талапкерлер арасында үлкен сұранысқа ие, өйткені олар армияда қызмет етуден босатылуға заңды негіз береді. Мұны жоғары оқу орындарының басшылары жақсы біледі және қосымша пайда табу үшін әскери кафедра ашуға тырысады. Мысалы, тек соңғы алты жылда 11 оқу орнында әскери кафедра ашылған.

Әскери кафедрасы бар оқу орындарының студенттері аптасына бір күн «Әскери дайындықтан» өтетіндіктен негізгі болашақ мамандар өз мамандықтарына сәйкес бекітілген оқу бағдарламасынан ұтылып жатады. Әрине, бұл оқу сапасына да теріс әсер ететіні сөзсіз.

Енді басқа мемлекеттердің азаматтық жоғары оқу орындарындағы әскери даярлық жүйесін саралап көрсек, оларда біздегідей әскери кафедра жоқ екендігін көреміз. Мысалы, көрші Ресейде 2019 жылдан бастап әскери кафедралар таратылып, олардың орнына Қорғаныс министрлігінің басшылығымен әскери оқу орталықтары құрылған. Запастағы офицерлерді даярлау бағдарламасын және келісімшарт бойынша әскери қызметке офицерлерді даярлау бағдарламасын жүзеге асыратын әскери оқу орталықтарының ерекшелігі – бітіргеннен кейін келесі үш жыл ішінде келісімшарт бойынша әскери қызмет атқару міндеттеледі. Олай болмаған жағдайда студент оқуына жұмсалған қаражатты өтеуге мәжбүр болады.

Келісімшарт бойынша қызметтің міндеттілігі Америка Құрама Штаттарындағы офицерлер даярлау жүйесінде колледждер мен университеттерде екі жылдық және төрт жылдық оқу мерзімі қарастырылған. Екі жылдық оқыту бойынша резерв офицерлерін дайындағанда мемлекет оған ақы төлемейді. Төрт жылдық бағдарлама бойынша білім алушылар стипендиямен, кітаптар мен оқу құралдарын сатып алуға арналған төлемдермен, тамақпен қамтамасыз етіледі және көлік шығындары өтеледі. Бұл жиынтығында айтарлықтай қаржыны құрайды. Алайда курсант келісімшарт талаптарын орындамаған жағдайда одан офицерлер даярлық жүйесінен алған барлық төлемдердің сомасын қайтып алады.

Осыған ұқсас төлемдер мен келісімшарт бойынша қызметтің міндеттілігі Ұлыбританияда да, Францияда да қарастырылған. Көп жағдайда студенттер арасынан запастағы офицерлерді даярлау жеке сипатқа ие және белгілі бір бейіндегі барлық студенттерді осы дайындықпен қамтуға тырыспайды.

Құрметті министр мырза! Осы келтірілген деректер негізінде төмендегідей сауалдарға толыққанды жауап алғымыз келеді.

1. Біздің мемлекетіміздің әскери доктринасы тек қорғаныс бағытында болғандықтан жыл сайын бітіріп шығатын запастағы офицерлер мен сержанттардың саны мен сапасы қарулы күштеріміздің талаптарына сай келе ме?

2. Әскери доктринаға сәйкес азаматтық жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедралардың материалдық-техникалық базасы, оқытушылық құрамы болашақ әскери маман даярлауға толыққанды жауап бере ме?

3. Әскери кафедралар даярлайтын мамандықтар қазір 200-ден асып кетті, оның ішінде заңгерлік, медициналық, ветеринарлық, қаржылық қамтамасыз ету, музыкалық мамандар, тіпті клубтар мен кітапханалардың мамандықтары қаншалықты қажет?

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, азаматтық жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедралардың құрамы мен құрылымын қазіргі талаптарға сай барынша оңтайландыру туралы хабардар етуді, сондай-ақ халықаралық тәжірибені зерделей отырып, жоғары оқу орындарында әскери даярлық жүйесін жетілдіру мүмкіндігіне талдау жасауды сұраймыз.

Құрметпен, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшелері». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Соңғы жылдары елімізде орын алып отырған және қоғамның наразылығын жиі тудыратын қымбатшылық салдары қарапайым халықтың күнкөру деңгейіне теріс әсер етуде. Бұл бағытта Мемлекет басшысы Қазақстан халқына жолдауларында азық-түлік бағасын тұрақтандыру бойынша бірқатар тапсырмалар берген болатын.

Өздеріңізге белгілі, «2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасын қабылдау кезінде инфляция 2022 жылға 4-6 пайыз деңгейінде жоспарланған болатын. Алайда ағымдағы жылдың басынан бері бұл көрсеткіш 8,5 пайызды құрады.

Осыған байланысты еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында басым бөлігі суармалы егіншілікпен айналысатын және аграрлық аймақ болып саналатын Жамбыл облысының аумағындағы трансшекаралық өзендердің бойында су қоймаларын салу қажеттілігін іске асыру ұсынылады. Атап айтқанда, Жамбыл өңірінде ирригациялық мақсаттар үшін пайдаланылатын су ресурстарының 85 пайызы Қырғыз Республикасының аумағында қалыптасады. Сол себепті вегетация кезеңінде 1983 жылы қабылданған «Трансшекаралық Шу және Талас өзендері ағындыларының суын бөлу туралы» келісімнің шарттарына және оның екінші тараппен орындалуына тәуелді болып келеді.

Аталған келісімге сәйкес өңірге Шу өзенінің бассейні бойынша 370 миллион текше метр және Талас өзені бойынша 590 миллион текше метр су тиесілі. Дегенмен қырғыз тарапының бекітілген кестелерді сақтамауына байланысты Қазақстан жыл сайын Шу өзенінен 50 пайызға дейін, Талас өзенінен 25 пайызға дейін суды ала алмайды. Мәселен, 2021 жылы судың жетіспеушілік көлемі Шу өзенінің арналарында шамамен 52 пайыз немесе 66,5 миллион текше метрді құраса, Талас өзені бойынша 122,6 миллион текше метр құрады.

2022 жылы «Қазгидромет» РМК-ның консультативтік гидрологиялық болжамы бойынша оңтүстік тау етегіндегі аймақтарда, яғни Шу-Талас бассейніндегі өзендер алаптарында ылғалды жинау кезеңіндегі жауын-шашын және қардың қоры көпжылдық көрсеткіштен нормадан төмен болады деп күтілуде. Соның салдарынан ағымдағы жылы су тапшылығы орын алуы мүмкін. Мысалы, бүгінгі күні Талас өзеніндегі Киров су қоймасында жиналған су жобалық көлемнің тек 61 пайызын алып отыр, ал Шу өзенінен келетін судың көлемі былтырғы жылдан екі есе төмен.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, Жамбыл облысында үш жаңа су қоймасын салу мәселесін тез арада шешу қажет. Атап айтқанда:

«Ырғайты» су қоймасы 15,2 миллион текше метр су көлемінің есебінен 19 мың гектар алқапты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Нысанның құрылысы 8,4 миллиард теңге;

«Қалғұты» су қоймасы 14,6 миллион текше метр су көлемінің есебінен 9 мың гектар алқап сумен қамтамасыз етіледі. Нысанның құрылысы 3,2 миллиард теңге;

«Ақмола» су қоймасы 11,1 миллион текше метр су көлемінің есебінен 6,5 мың гектар алқапты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Нысанның құрылысы 5,8 миллиард теңгені құрайды.

Барлық су қоймаларының техникалық-экономикалық негіздемелеріне мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынып, жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуге қаражат бөлу мәселесі қарастырылуда. Алайда салалық министрлік арқылы тиісті өтінімдер жолданғанымен бүгінгі күнге дейін оң шешімін таппай отыр.

Су қоймаларын салу тек вегетациялық кезеңде Қырғыз Республикасына тәуелділікті азайтып қана қоймай, Жамбыл облысының Қордай, Меркі, Байзақ, Жамбыл және Талас аудандарында ауыл шаруашылығы дақылдарының өсуіне үлкен әсерін береді, сондай-ақ осы аудандардың тұрғындары арасындағы әлеуметтік шиеленісті төмендетуге де көмектеседі. Сонымен қатар құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін өндірістің рентабельділігі 30 пайыздан асып, жалпы өнімнің өсімі шамамен 17 миллиард теңгені құрайды және 3 мыңға жуық жұмыс орны ашылып, халықтың әл-ауқаты жақсарыды деп күтілуде.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Сізден Мемлекет басшысының азық-түлік бағасын тұрақтандыру және қарапайым халықтың әл-ауқатын көтеру бойынша берген тапсырмалары аясында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған Жамбыл облысындағы үш жаңа су қоймасын салу жобаларын қаржыландыруды және осы мәселе бойынша белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен, депутаттар Орынбеков, Қожамжаров, Нұралиев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сүлеймен Ләззат Жаңылысқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті депутаттар! Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! «Қасіретті қаңтар» оқиғасынан кейін қойылған маңызды мәселелердің бірі жастарды тұрақты жұмыспен қамту мәселесін шешу. Осы орайда «Дипломмен – ауылға» жобасына жаңа серпін беру керек деп есептейміз. Жобаны одан әрі пәрменді жалғастыру, қамту ауқымын кеңейту және іске асыру тетіктерін жетілдіру қажеттігіне назарыңызды аударамыз.

Соңғы бес жылда Парламенттің 35 депутаты осы жоба бойынша бірнеше сауал жіберіп, нақты мәселелер қойған екен. Ал Үкімет «жоба белсенді режимде жүргізілуде және тұрақты бақылауда» деп отыр.

Ұлттық экономика министрлігінің ақпаратына сәйкес жоба іске асқан 2009 жылдан бастап 85 мыңнан астам маман 14 миллиард теңге біржолғы көтерме жәрдемақы, ал 40 мыңнан астам маман 123,5 миллиард теңгеге тұрғын үй сатып алу үшін бюджеттік кредиттер алды. Бұл, әрине жақсы. Дей тұрғанмен 13 жыл ішінде ауылға барып, орныққан жас мамандар контингенті көлемінің өсуінде айтарлықтай ілгерілеушілік жоқ, көрсеткіштер жылдан-жылға бір қалыпты, тек соңғы 3 жылда ғана аз ілгерілеу байқалады. Негізінен мамандар білім, денсаулық саласына тиесілі, ал мәдениет, спорт, әлеуметтік, агроөнеркәсіп салаларына орналасқан мамандар саны өте аз.

Ұлттық экономика министрлігі 2021 жылғы бюджетті нақтылау кезінде бағдарламаға бөлінген 20 миллиард бюджеттің 1,8 миллиардын игерілмеді деп қаражатты бюджеттің кірісіне қайтадан қайтарды. Ал Батыс Қазақстан облысы бойынша осы жылы бюджеттік кредитті қатысушылардың 70 пайызы ғана алған, қаражаттың жетіспеушілігі 757 миллион теңгені құрап отыр. Бұл орайда облыс қаражаттың жетіспеушілігін, ал министрлік облыстан сұраныс түспегенін алға тартып отыр. Бұл жобаның орындалуына тиісті бақылаудың, үйлестірудің болмауы деп ойлаймыз.

Үкіметтің де, әкімдіктердің де ведомствоаралық өзара іс-қимылының әлсіздігі, осы бағдарлама бойынша тіптен болмауы бізді қынжылтып отыр.

Ескі сүрлеуден шығатын кез келді емес пе? Ауылды қолдауға арналған шағын бағдарламаны толыққанды әкімшілендіру қиын ба?

13 жылда 123 миллиард теңге бюджеттік кредит берілген, бірақ біз бұл қаражаттың артында тұрған адам туралы жүйелі ақпарат таппадық.

Нақты кімге берілді? Несие алғандардың ауылда тұрақты тұруға қалғаны қанша адам? Қанша маман кезекте тұр? Сұраныс қалай? Ауылға тағы қандай мамандар қажет?

Мониторинг жүргізу, кері байланыс орнату қиын мәселе ме? Неге бұл ақпараттар ең құрымағанда аудан әкімінің сайтында жарияланбайды?

Бұл сұрақтарға ресми жауап жоқ.

Осы айтылғандарға орай Үкіметке мынандай ұсыныстар береміз:

1. Мамандарды ынталандыру мен жергілікті жерлерде бекітуді ауылда ғана емес, моно қалаларда да іске асыру қажет.

2. 300 мың теңге біржолғы көтерме жәрдемақы мен 5 миллион теңгеге тарта тұрғын үйге бюджеттік несиені бүгінгі экономикалық жағдайға сай ұлғайтуды қарастыру қажет. Өйткені қаражат жетпеген соң басқа адамдармен келісіп, үй алғандай болып, үш жылдан кейін иесіне қайтарып беріп жатқан фактілер бар.

3. Бағдарламаға бөлінетін қаржыны пайдаланудың ашықтығын қамтамасыз ету керек. Қазір бюджеттік несие төлемдерін жасау үшін мемлекеттің қыруар қаржысы көрсетілген қызметі үшін Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорына төленуде. Егер екінші деңгейлі банк арқылы төленсе көтерме жәрдемақы алу да оңайланып, банк қызметі үшін төлем де төмендемек дейді жергілікті органдар.

Көтерме жәрдемақы алуға құжат тапсыру, төлемді күтуге бір айға жуық уақыт кетеді. Бұл процес те автоматтандырылуы қажет.

4. Тиімділікті арттыру мақсатында әкімші мемлекеттік орган жобаның орындалуына жыл сайын тұрақты мониторинг жүргізуі, сапалы іске асыру үшін ұсыныс енгізіп отыруы қажет (2019 жылдан бастап мониторинг жүргізілмеген).

Құрметті Әлихан Асханұлы! Жобаның бірқатар аспектілерін қайта карап, ауқымын кеңейтіп, оның нәтижелілігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шешімдер қабылдауыңызды өтінеміз.

«Қазақстан Республикасы Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-бабына сәйкес сізден депутаттық сауалға жазбаша түрде жауап беруді сұраймыз.

Құрметпен, Сенат депутаттары Сүлеймен, Қалтаева».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСІП Н.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Біздің сауалымыз Үкімет басшысының орынбасары Ералы Тоғжановқа жолданады.

«Тарихта ежелгі Мысыр елін 17 жыл билеген Бейбарыс сұлтан туралы бәріңіз жақсы білесіздер. Араб тарихшылары Бейбарыс сұлтан басқарған кезенді «алтын жылдар» деп атайды. Тарихшы Вильгельм Тайпольский: «Бейбарыс – жауынгерлігі жағынан Гай Юлий Цезармен терезесі тең тұратын қаһарман» деген баға берген екен.

Бейбарыс әлемнің 54 елімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан. Ол өз заманында Мекке мен Иерусалимнің қауіпсіздігін қамтамасыз еткенін айтсақ та

жеткілікті. Шын мәнінде теңдесі жоқ тарихи тұлға. Оның өмірбаяны мен ғұмыр дастанын қайталап жатқан артық болар деп есептеймін.

2023 жылы Бейбарыстың туғанына 800 жыл толады.

Қазақстан мен Мысыр елдерінің арасындағы қарым-қатынас қазір жақсы, екі елдің басшылары жақында ғана телефон арқылы сөйлесті. Қазақстан мен Мысырды байланыстыратын тарихи тұлғалар бар, соның ішінде Сұлтан Бейбарыстың есімі ерекше орын алады.

Бейбарыс билігі тұсында салынған тарихи ескерткіштер күні бүгінге дейін Каир қаласының сәнін келтіріп тұр. Жақында Сенат Төрағасының Египетке жасаған ресми сапары кезінде Бейбарыс сұлтанның мешітіне барып, зиярат еттік. Бұл мешіт осы елдегі ең көрнекті әрі тарихи жәдігерлердің бірі.

Сұлтан Бейбарыстың мешітін жаңғырту жұмыстары 2007 жылы басталған болатын. Екі елдің үкіметтері арасында келісімшарт жасалған, осы мешітті реставрациялау жобасына қажетті қаржы бөлінген. Қазақстан тарапы 4,5 миллион АҚШ долларын бөлді, қалған бөлігін Мысыр үкіметі қаржыландырды. Осы жоба бойынша жұмыс 2011 жылы аяқталуы тиіс еді, бірақ араб елдерінде болған саяси және экономикалық дағдарыс салдарынан жаңғырту жұмыстары созылып кеткені белгілі.

Мысырдың Уақыфтар министрі Мұхаммед Мұхтар Жұмамен кездесуде осы жағдайға назар аударып, қайта қалпына келтіру жұмыстарына басымдық беру мәселесі қозғалды. Мысыр тарапы бұл жұмысқа қосымша 2 миллион АҚШ долларын беретінін айтты және жобаның аяқталуын өз бақылауында ұстайтынын жеткізді. Салынғанына сегіз ғасыр болған мешітті реставрациялау жұмыстары биылғы жылдың соңына қарай толық бітеді.

Құрметті Ералы Лұқпанұлы! Бейбарыс сұлтанның туғанына 800 жыл толуын халықаралық дәрежеде атап өту үшін:

2023 жылдың бюджетіне арнайы қаражат салуды;

1989 жылы совет-египет елдерінің «Совэкспортфильм» және «Эль Аламия» киностудиялары бірлесіп түсірген «Сұлтан Бейбарыс» телефильмін араб және ағылшын тіліне аударып, Мысыр елінде көрсетуді;

Президент тапсырмасына сай әзірленіп жатқан шетелдіктерге арналған тарих оқулығына Бейбарыс бастаған қыпшақ сұлтандары туралы деректерді қосуды;

Египет елінің Бейбарыс сұлтан туралы 30 сериялық киносын қазақ тіліне аударып, халыққа таныстыруды;

Мысырдағы қыпшақ сұлтандарына қатысты жазылған сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалардың көшірмелерін, электронды нұсқаларын алдыртып ғылыми айналымға енгізуді;

Мәмлүктер кезеңінде жазылған, қазақ тарихы үшін маңызы зор араб және қыпшақ ғалымдарының еңбектерін қазақшаға аударып, кітап етіп шығаруды;

жазушы-драматург Рахымжан Отарбаевтың «Бейбарыс сұлтан» пьесасын Мысыр сахнасына қоюды;

екі елдің Ұлттық кітапханаларында Бейбарыс өмірінен сыр шертетін кітап және сурет көрмелерін ұйымдастыруды;

Нұр-Сұлтан және Каир қалаларында Бейбарыс ескерткіштерін тұрғызу мәселесін қарастыруды;

Қазақстанның Египеттегі елшілігі тарапынан енгізілетін басқа да бірқатар ұсыныстарды зерделеп, Бейбарыс сұлтанның 800 жылдық мерейтойын өткізудің кешенді жоспарын тезірек жасауды сұраймыз.

Депутаттық сауалға заңда белгіленген тәртіппен жазбаша жауап беруіңізді өтінеміз.

Құрметпен, депутаттар Нұртөре Жүсіп, Серікбай Тұрымов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Исабаев Бейбіт Өксікбайұлына беріледі.

ИСАБАЕВ Б.Ө. Рақмет, құрметті Төраға.

Депутаттық сауал Үкімет басшысына жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Үкіметтің алдына халықтың әл-ауқатын арттырып, азаматтарға еңбек етуге қолайлы, сапалы жұмыс орындарын ашу міндетін жүктеді. Мемлекет басшысы жұрттың табысы экономикалық өсімнен емес, әлеуметтік жәрдемақы және зейнетақыға тәуелді болып отырғанын ашық айтты. Соңғы 5 жылда халықтың еңбектен тапқан табысы 80 пайыздан 67 пайызға төмендесе, әлеуметтік трансферттер 17 пайыздан 29 пайызға дейін артқан. Нарықтағы бағамен салыстырғанда еңбекақы әлдеқайда баяу өсуде. Соның салдарынан қарызға батқан миллиондаған азаматтар мен кедей адамдар көбейіп бара жатыр.

Кешегі «Қаңтар оқиғасының» алғашқы күндері бейбіт шеруге шыққан жастардың наразылығы тап осы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдың нашарлауына байланысты болғанын біз жасыра алмаймыз.

Халықтың табысы лайықты еңбекақысы бар, тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілуіне тікелей байланысты. Соңғы 5 жыл көлемінде еліміздің жалпы ішкі өнімінің өсуінде қызмет көрсету секторының үлесі 55 пайыздан асып отыр. Осы кезеңде саладағы еңбек өнімділігі 4,5 пайызға түсіп, жұмыскерлердің табысына тікелей кері әсерін тигізді.

Азаматтарымыздың 67 пайызы қызмет көрсету саласында еңбек етсе, ауыл шаруашылығында 13 пайызы, құрылыста 7 пайызы жұмыс істейді, ал өнеркәсіпте бұл көрсеткіш 12 пайыз ғана.

Жұмыспен қамтылудың жалпы өсім көрсеткішінің 60 пайызы «әлеуметтік экономика», яғни бюджеттен қаржыландырылатын білім, денсаулық сақтау, мемлекеттік қызмет саласы, тағы басқаларының есебінен қол жеткізіліп отыр. Жаңа жұмыс орындарының ашылуына жекеменшік сектордың үлесі азайып отырғандығы алаңдатады. Соңғы 5 жылда оның үлесі 10-13 пайызға төмендеп кеткен. Демек еліміздің бүгінгі экономикалық даму қарқыны халықты табысы жоғары, сапалы жұмыс

орындарымен қамтамасыз ете алмай отыр. Экономиканың әртараптандырылуы нашар жүруде, орта және шағын бизнестің халықты жұмыспен қамтамасыз етуі тым мардымсыз. Осы себепті түрлі мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жұмысқа орналасқандардың, бюджет қаржысына оқып, жеке бизнесін ашқандардың, тұрғын үймен қамтамасыз етілген жас мамандардың ресми статистикасы мен нақты саны арасындағы алшақтық, әлеуметтік жұмыс орындары, «өзін-өзі жұмыспен қамтушылар», «ресми емес жұмыспен қамту» секілді жасанды еңбек ресурстары категориялары пайда болып, елдегі жұмыссыздықтың, кедейшіліктің және күнкөрістің, халықтың орташа табысының шынайы деңгейін анықтау мүмкін болмай отыр.

Жыл сайын жоғары оқу орнын, колледж бітірген әрбір үшінші жас маман жұмыссыз қалуда. Ал жұмысқа орналасқандардың 30 пайызы өз мамандықтары бойынша емес, біліктілігі, жалақысы төмен жұмысқа тұрады.

Еліміздегі жалдамалы жұмыспен қамтылғандардың 42 пайызы бюджет қаржыландыратын салаларда жұмыс істейді. Осы «әлеуметтік экономикада» жұмыспен қамтылу көрсеткіші орташа алғанда 70 пайыздан аспайды. Жыл сайын еңбек нарығындағы сұраныстан әлдеқайда артық даярланатынына қарамастан дипломы бар, бірақ лайықты жұмыс таба алмай жүрген жас мамандардың саны азаяр емес. Бұл жерде негізгі мәселе жас мамандардың жалақысының төмендігі және тұрғын үймен қамтамасыз етілмеуінде.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Қорыта айтқанда, көтеріліп отырған маңызды тақырып бойынша Үкіметке мынадай ұсыныстар жасауды қисынды санаймыз:

1. Елімізде қалыптасқан еңбек нарығының бүгінгі жағдайына терең, жан-жақты талдау жүргізу қажет.

2. Жалпы халық санының, жаңа еңбек ресурстарының өсу динамикасын еліміз экономикасы секторларының өсімімен тікелей байланыстыра отырып, алдағы 5 жылға еңбек ресурстарына сұраныстық болжам жасалуы тиіс. Оқу орындарының бағдарламалары мен стандарттары осы сұранысқа, жұмыс берушілердің өндірістік дағды талаптарына сай әзірленгенде ғана еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың теңгерімділігіне қол жеткізіледі.

3. Халықты лайықты жұмыспен қамтып, табысын арттыру міндетін тиісті мемлекеттік органдардың үйлесімді жұмысын қамтамасыз ету арқылы жүйелі шешу мүмкіндігі бар. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің үйлестіруімен Ұлттық экономика, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Білім және ғылым министрліктері, аймақ әкімдерінің, жұмыс берушілердің бірлескен жұмыс алгоритмі мен оны нақты жүзеге асырудың механизмдері бекітілуі тиіс. Бұл ретте мемлекеттік органдар мен жұмыс берушілердің ақпараттық жүйелерінің көлденең интеграциясын қамтамасыз ету аса маңызды деп санаймыз.

Заңда белгіленген мерзімде депутаттық сауалды қарастыру нәтижелері туралы жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің депутаттары». Рақмет.



ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

**МАЗМҰНЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**

**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

**2022 жылғы 3 наурыз**

**Күн тәртібі бойынша**

О повестке дня ..... 1

**Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының Бас Прокурорын тағайындауына келісім беру туралы**

О даче согласия на назначение Президентом Республики Казахстан Генерального Прокурора Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары Е.Н. ЖИЕНБАЕВТЫҢ баяндамасы**

Доклад заместителя Руководителя Администрации Президента Республики Казахстан ЖИЕНБАЕВА Е.Н. .... 1

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы В.В. ВОЛКОВТЫҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад председателя Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ВОЛКОВА В.В. .... 2

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әскери қызмет және арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері мен әскери қызметшілердің тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде**

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам воинской службы и жилищных отношений сотрудников специальных государственных органов и военнослужащих», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары С.Б. ҚАМАЛЕТДИНОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад заместителя Министра обороны Республики Казахстан КАМАЛЕТДИНОВА С.Б. .... 3

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

НҮРҒАЛИЕВ Ж.М. .... 4

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. .... 5

**Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі  
С.М. ЕРШОВТЫҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности ЕРШОВА С.М. .... 6

**Сөз сөйлеген:**

Выступила:

НҰРЖІГІТОВА Д.Ө. .... 7

**Депутат М. БАҚТИЯРҰЛЫНЫҢ Қазақстан Республикасының Қорғаныс  
министрі Р.Ф. Жақсылықовқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата БАҚТИЯРҰЛЫ М. к Министру обороны Республики Казахстан Жақсылыкову Р.Ф. .... 8

**Депутат Б.С. ОРЫНБЕКОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-  
Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ОРЫНБЕКОВА Б.С. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 10

**Депутат Л.Ж. СҮЛЕЙМЕННИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-  
Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 12

**Депутат Н.Б. ЖҮСПІТІҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің  
орынбасары Е.Л. Тоғжановқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ЖҮСПІПА Н.Б. к Заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Тугжанову Е.Л. .... 13

**Депутат Б.Ө. ИСАБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі  
Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ИСАБАЕВА Б.Ө. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 15

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық  
қамтамасыз ету басқармасының  
инженерлік орталығы" РМК директоры

Стенографиялау қызметінің  
жетекші редакторы

  


А. Құсайынов

И. Шыныбаева